



ХҒТАР 17.09.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-196-208>

«Қызыл сарайдағы түс» романы және оның зерттелуі

М.Қ. Сырымова^{id}, А. Әлібекұлы^{id}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: alibekuly_a@mail.ru, mairasyrymova01@gmail.com)

Аңдатпа. «Қызыл сарайдағы түс» романы – Цао Сюэцинь XVIII ғасырда жазған, қытай әдебиетінің ең ұлы туындыларының бірі. Терең мазмұнына, күрделі оқиғалар желісіне, бай сюжеттеріне орай шығарманы арнайы зерттейтін «хунсюэ» (红学) саласы қалыптасты. Хунсюэ – романның тарихи контекстін, символикасын, кейіпкерлерін және мәдениетке әсерін жан-жақты зерттеуге арналған. Хунсюэнің дамуы роман жарияланғаннан кейін көп ұзамай басталды. Қытайлық зерттеушілер Ху Ши мен Цай Юаньпэй туындыны жүйелі түрде талдаудың алғашқы бастамашылары болды. Олар автордың автобиографиялық элементтеріне, әлеуметтік сынға және философиялық идеяларына назар аударды. Бұл мақалада романға қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар мен интерпретацияларды салыстыра отырып, қытай, орыс және америкалық зерттеушілердің ойлары мен еңбектері қарастырылады. Сонымен қатар шығарманың тақырыбына, кейіпкерлеріне, мәдени мәнін түсінуге жетекші ғалымдардың қосқан үлесіне ерекше назар аударылады. «Қызыл сарайдағы түс» романы Қытайдағы реалистік әдебиеттің, сонымен қатар Цин патшалығы кезіндегі әлеуметтік, экономикалық және қоғам бейнесін көрсететін құнды мәдени-тарихи мұра ретінде қарастырылды.

Түйін сөздер: Цао Сюэцинь, «Қызыл сарайдағы түс», хунсюэ, қытай әдебиеті, зерттеушілер, редология, көшірме.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

Цао Сюэциннің «Қызыл сарайдағы түс» романы қытай қоғамының түрлі тобындағы оқырмандарды таң қалдырған ең жарқын және құпияға толы романдардың бірі болып есептеледі. «Қызыл сарайдағы түс» романының зерттеулері ұзақ, әрі мазмұнды тарихқа ие. XX ғасырда Ху Ши, Цай Юаньпэй және Чжоу Ручан сияқты танымал ғалымдардың еңбектерінің арқасында роман академиялық зерттеудің маңызды нысаны ретінде таныла білді. Бұл ғалымдар мәтіндік талдау, биографиялық зерттеулер мен философиялық интерпретацияларды қамтитын шығарманы зерттеудің жаңа әдістерінің негізін қалады. Олардың назарында романның Цао Сюэциннің өмірімен байланысы, оқиғалардың тарихи шындығы, әлеуметтік сын және діни-философиялық мотивтер сияқты аспектілер қарастырылды. Қазіргі уақытқа дейін бұл шығармаға арналған ғылыми-зерттеу еңбектердің үлкен саны жарық көрді, тіпті бірнеше арнайы сөздіктер де бар. Дегенмен, соған қарамастан роман әлі де толық зерттелмеген деп есептеледі.

Зерттеудің мақсаты

«Қызыл сарайдағы түс» романының мазмұнын, құрылымын, философиялық идеяларын және мәдени әсерін жан-жақты қарастыру, сонымен қатар романға арналған қытай, орыс және америкалық ғалымдардың ғылыми көзқарастарын салыстыра отырып, әртүрлі интерпретацияларды анықтау – зерттеудің басты мақсаты. Осы орайда аталған шығарманың әлемдік әдебиеттегі орнын анықтауға, оның көркемдік, мәдени-тарихи маңызын тереңірек зерделеуге, зерттелу тарихына назар аударылды.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Цао Сюэциннің «Қызыл сарайдағы түс» романын және оның әдебиетке, мәдениетке, философияға әсерін жан-жақты зерттеу үшін пәнаралық талдау және тарихи салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер шығарманы әр қырынан көрсетіп, оның көркемдік ерекшелігін, әлеуметтік-тарихи контекстін, кейіпкерлердің философиялық көзқарастарын кеңірек ашуға мүмкіндік берді. Мақалада романның зерттелу және өзге тілдерге аударылу барысы қарастырылды. Ғылыми жұмысты жазу барысында осы романды зерттеген Чжоу Ручан, Цай Юаньпэй, Ху Ши сынды қытай ғалымдарының, орыс зерттеушісі А. Рудаковтың, америкалық ғалым Э.Х. Плакстың еңбектері басшылыққа алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Қызыл сарайдағы түс» романы – Қытайдағы реалистік әдебиеттің шыңы. Ол – тек әдеби туынды ғана емес, сонымен қатар Цин патшалығы кезіндегі әлеуметтік, экономикалық және қоғам бейнесін көрсететін құнды мәдени-тарихи мұра. Оның терең психологизмі, бай символизмі мен көркемдік шеберлігі кейінгі ұрпақ жазушылары

мен зерттеушілерге айтарлықтай әсер етті. Роман эпикалық ауқымы мен тереңдігіне байланысты көбінесе Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», Маргарет Митчелдің «Жел өтіндегі тағдырлар» сияқты батыс шығармаларымен теңестіріледі.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеушілер романның әлеуметтік аспектілеріне ерекше көңіл аудара бастады. Роман тарихи шығарма ретінде танылып, онда саяси күрес, таптар арасындағы қақтығыстар және басқа да мәселелер қарастырылды. Соңғы онжылдықтарда ғалымдар романның көркемдік ерекшеліктеріне және «Қызыл сарайдағы түс» романының осы жанрдағы басқа шығармалармен салыстырылуына назар аударды. Сонымен қатар Цао Сюэциньнің өмірбаяны мен оның отбасының тарихын, романның жоғалған тарауларын, басылымдарын және әртүрлі түсініктемелерін зерттейтін бағыттар қалыптасты.

1970-1980 жылдар аралығында Қытай Халық Республикасында «Қызыл сарайдағы түс» романын зерттеу институты (中国艺术研究院红楼梦研究所) құрылып, оның алғашқы жетекшісі болып романның танымал зерттеушісі Фэн Циюн тағайындалды. Осы кезден бастап романды зерттеуге арналған арнайы ғылыми пән пайда болып, ол қытай тілінде «хунсюэ» (红学) деп аталды. Бұл термин ағылшын зерттеулерінде «redology» (редология) деп танылса, орыс зерттеулерінде «красноведение» немесе «краснология» деп аударылды [1, 15 б.]. Мақалада бүкіл әлем мойындаған «редология» нұсқасы қолданылады.

Шығарманы зерттеу ерте басталғанымен, «хунсюэ» атауы тек Цин династиясының соңында пайда болды. Гуансю императоры (1875-1908) кезеңінде Конфуцийдің кітаптарына (олар Цзин зерттеуі 經学 деп аталатын) қарағанда романды көбірек жақсы көретін Чжу Чандин (朱昌鼎) есімді ғалым өмір сүрді. Бір күні досы оған қонаққа келіп, қандай Цзин зерттеп жатқанын сұрады. Чжу Чандин «мен үш айналмалы белгісі жоқ Цзинді зерттеймін» деп «Қызыл сарайдағы түс» (红楼梦) романының бірінші иероглифі «хун» (红) иероглифін меңзеді. «Хунсюэ» (红学) алғаш әзіл ретінде қолданғанымен, кейін ғылыми термин ретінде қалыптасты. Бұл терминнің ауқымына әдеби мәтін мен сюжеттерді бағалаумен қатар, кітаптың тарихын, авторын және текстологиясын зерттеулер кірді [2, 83-90 бб.].

Ұзақ жылдар бойы роман бір отбасының бастан кешкенін баяндайтын тарихи шығарма ретінде қарастырылып келді. Қытай зерттеушісі Чжоу Ручан (周汝昌) «Нағыз хунсюэге оралу – соңғы жүз жылдағы хунсюэның дамуы туралы шолу» (还“红学”以学 – 近百年红学史之回顾) [3] атты еңбегінде дәстүрлі қытай романдарының ерекшелігі ретінде, батыс идеологиясы мен теорияларының ықпалынан бұрын жазылған қытай романдарының көпшілігінде қиял әлеміне қарағанда, тарихтың бір бөліктері жазылғанын атап өтті. Басқаша айтқанда, оқырмандар автордың қай династияны немесе кімдердің тарихын жазып жатқанын әрдайым біліп отырды. Зерттеуші шығарманың 120 бөлімін оқығаннан кейін «Қызыл сарайдағы түс» шығармасындағы оқиға император Цяньлун тұсында, Минчжу (明珠) отбасына негізделген деген қорытындыға келді. Минчжу – Канси патшасының ерте саяси стратегияларына үлкен үлес қосқан, бірақ кейін басқа шенеуніктермен сыбайласқаны үшін жазаланған жоғарғы шенеуніктердің бірі. Кейін Минчжу билік тарапынан кешірілсе де, 1706 жылы қайтыс болғанға дейін

маңызды лауазымдарға қайта тағайындалмаған. Оның Наланьсиндэ (纳兰性德) атты ұлы Цин династиясында атақты ақын болып, даңқ пен байлыққа немқұрайлы қараған. Наланьның отбасылық тәжірибелері мен мінез-құлық ерекшеліктері «Қызыл сарайдағы түс» сюжеттеріне ұқсас. Шындығында, Цао Сюэциньнің атасы Цао Инь (曹寅) мен Налань арасында достық қарым-қатынас болып, олар Цао отбасына арнап сыйлық ретінде өлең жазды. Алайда, зерттеуші Чжоу Ручан кітап туралы қорытынды жасағанда «Қызыл сарайдағы түс» пен Минчжу отбасы арасындағы байланысты растайтын ешқандай дәлел келтірмеген [4].

1915 жылы демократиялық революционер (кейін Пекин университетінің президенті) Цай Юаньпэй (蔡元培) «Қызыл сарайдағы түсті» саяси роман ретінде талдайтын кітап шығарды. Оның пікірінше, кітаптың авторы – ұлтшыл, ол халыққа Мин (明) әулетінің жоғалуы мен азшылықтың басқаруынан болған қайғыны еске салады. Цай романның басында орын алған Хулу храмының (葫芦庙) өртенуі Мин әулеті құлауының символы, ал әңгіменің негізгі кейіпкерлері Мин әулетінің саяси билігінің прототиптері деп ой қорытты. Ол бұл кітаптың әдебиеттен тыс құндылығын түсінгенімен, Мин тарихы мен «Қызыл сарайдағы түс» шығармасы арасындағы кейбір параллельді оқиғалар туралы айтқанда, мәселен, Цяньлун императоры туралы өз гипотезасына ғылыми дәлелдер келтірмеді [5].

«Қызыл сарайдағы түс» романын зерттеу кәсіби және техникалық деңгейге көтерілгенде, талқылауға заманауи ғалымдар қосылып, көптеген қолжазбалар анықталды. XX ғасырдағы әйгілі қытай жазушысы, философ-ғалымы Ху Ши (胡适; 1891-1962) 1921 жылы «Қызыл сарайдағы түсті сыни зерттеу» (红楼梦考证) атты мақаласын жариялап, кітаптың бұрынғы иллюстрацияларын сынға алып, шығарманы автордың автобиографиясы екенін жазды [6]. Оның пікірінше, зерттеушілер кейіпкерлерді Минчжу әулетімен байланыстыру идеясын ұстанған кезде жеткілікті дәлел келтірмеген. Ху Ши сонымен қатар Цай Юаньпэйдің зерттеуінде шығармадағы есімдердің жұмбақ суреттемесі соншалықты ақылға қонымсыз, тіпті оны егжей-тегжейлі баяндау мүмкін емес екенін айтады. Сонымен қатар Ху Ши шығарма авторы Цаоның (曹) отбасы мен кітаптағы жалған отбасыларды салыстырады және көптеген ұқсастықтарды табады. Мысалы, отбасылық дамудың құлауы, Цао мен Чжэнь (甄) арасындағы императорды қабылдау тәжірибесі және Цао шежіресінің де Цзя шежіресімен ұқсастықты көрсетеді. Ху Ши өз зерттеуінде екеуінің де екінші ұлдары болғанын, олар әкесінен мемлекеттік қызметті мұра етпегенін, бірақ кейін сол қызметтерді штаттық шенеуніктер (员外郎) ретінде алғандығын жазды. Зерттеуші Цао Сюэциньнің (曹) әкесі Цао Фу (曹) мен Баоюйдің (贾) әкесі Цзя Чжэннің (贾政) мысалдарын келтіріп, Баоюй – ол Сюэцинь және осы тарихтағы автобиографиялық тұлға екенін тағы да атап көрсетті. Ху Ши сонымен қатар сол кездердегі кітаптың әр түрлі басылымдарына назар аударды. Ол Цаоның орнына Гао Е кітаптың соңғы қырық тарауын жазды деген пікірмен келісіп, Чэн мен Гао шығарған екінші басылым біріншіден айтарлықтай жоғары деп есептейді. 1928 жылы Ху Ши «Қызыл сарайдағы түс мәтіндік критикасына арналған жаңа дәлелдер» атты мақаласын жариялады. Ол Цзясюй (甲戌) қолжазбасын алғаннан кейін жазылған. Автор өзінің ғылыми тұжырымдарын дәлелдеу үшін Чжидің түсіндірмелерін пайдаланып, қолжазбаға жасалған түсініктемелер мен

сараптама негізінде оқиғаның бастапқы желісін зерттеуді бастайды. Жаңадан табылған қолжазбаны бұрыннан белгілі Циху (戚沪) қолжазбасымен және екі Ченг-Гао нұсқасымен салыстырады. Ол Цзясюй қолжазбасының ең көне және Цихуға қарағанда сапасы жоғары деген қорытындыға келеді. Ху Ши сондай-ақ Цао 1754 жылға дейін (Цзясюй жылы) тек 16 тарау жазды деген болжам жасайды. Ху Шидің кейбір ойлары мен дәлелдері өз заманына сай шектеліп, кейінгі ғалымдармен теріске шығарылуы да ықтимал. Бірақ ол Цао шығармасын талдауда «жаңа хунсюэ» сияқты ғылыми әдісті сәтті қалыптастырды және XX ғасырда роман мен қолжазбалар туралы дискуссияның негізін қалады [7].

У Шичан (吴世昌; 1908-1986) – XX ғасырда өмір сүрген атақты редолог-ғалым. Ол аталған романның қолжазбаларын зерттеуге баса назар аударды. 1961 жылы жарияланған «Қызыл сарайдағы түс: XVIII ғасырдың екі аннотацияланған қолжазбасын сын көзбен қарау» (On the Red Chamber Dream: a Critical Study of Two Annotated Manuscripts of the XVIIIth Century) атты кітабында ол Ху Шидің Цзясюй көшірмесі ең көне сақталған қолжазба деген мәлімдемесін сынға алды [8]. У Шичанның айтуынша, Чжидің Цзясу қолжазбасының соңғы мерзімі көрсетілген түсіндірме Цзяву (甲午 1774) жылы жазылған және көптеген мәтінде жазу қателері бар. Сондықтан ол Чжи жазып, өңдеген көшірме және 1754 жылдың басында жазылуы мүмкін емес деп көрсетеді. Шындығында, қолжазба 1774-1863 жылдар аралығында коллекционер Лю Цюаньфу (刘铨福) сатып алған кезде көшірілген болуы мүмкін.

Хунсюэ саласындағы ықпалды ғалымдардың бірі Чжоу Ручан (周汝昌; 1918-2012) Ху Ши ұсынған Цао Сюэциньнің жеке өмірбаяны туралы пікірмен келіседі. 1953 жылы ол «Қызыл сарайдағы түстің жаңа мәтіндік сыны» (红楼梦新证) атты еңбегін жариялап, онда Цаоның отбасы тарихы мен тұлғасы, оның генеалогиясы, туыстар арасындағы асырап алу үрдістері, Цао Сюэциньнің туған жері мен мекені, өмір сүру уақыты туралы жан-жақты қарастырады. Ол зерттеуінде Мин династиясының ортасынан бастап (1592 жыл), 1791 жылға дейінгі Қытай тарихына арналған бөлімді қамтиды. Чжоудың егжей-тегжейлі зерттеуі оқиғаны Цаоның жеке өмірбаянымен байланыстыра отырып, неғұрлым қатаң талдауды көрсетеді. Чжоу Ручан 1982 жылы Хэбэй педагогикалық университетінде (河北师范大学) «Хунсюэ дегеніміз не?» тақырыбында баяндама жасаған. Ол өз сөзінде «Қызыл сарайдағы түс» зерттеуінің ерекшелігін атап өтіп, хунсюэге заманауи ғалымның көзқарасымен алғаш рет анықтама берді. Ол хунсюэні Цао Сюэ (曹学) зерттеуі, басылымдар зерттеуі (版本学, қолжазбалар мен басылған нұсқаларды қоса алғанда), комментатор Чжи Яньчжай (脂学) зерттеуі және кітаптың жоғалған бөлігін зерттеу (探佚学) ретінде бөледі. Чжоу Ручан «Қызыл сарайдағы түс» романының қазіргі қытай әдебиетін зерттеудегі орнын анықтап, кітаптың зерттеу аясын қолжазбаларды зерттеуден бастап, оның эстетикасын ұлы роман, бұрынғы династиялардың философтары мен ақындарының шығармаларына қосымша ретінде және қытай ұлттық мәдениетінің жаңа бөлігі ретінде бағалауды ұсынды. Чжоу Ручан хунсюэнің «сяньсюэ (显学 – өлместік туралы ғылым, даосизмнің маңызды ілімдерінің бірі)» болатынына және ол әдебиетшілермен қатар, әртүрлі салалардың ғалымдарын өзіне тартатынына сенімді болды.

Чжоу Ручан 56 жылдық зерттеу мен редакциялау жұмыстарын жүргізгеннен кейін 2004 жылы Чжоу Хучанмен (周祐昌) бірге «Тастың шынайы тарихы қауымдастығы» (

石头记会真) атты еңбегін жариялады. Онда «Қызыл сарайдағы түстің» сол уақытқа дейін сақталған барлық қолжазбаларын жинақтады. Еңбек 10 кітапқа бөлініп, әртүрлі роман нұсқалары арасындағы айырмашылықтарды интуитивті түрде көрсетіп, кейінгі зерттеушілер үшін қолжазбаларды салыстыруға мүмкіндік жасады [9].

Қытай Халық Республикасының бұрынғы төрағасы Мао Цзэдун (毛泽东 1893-1976) хунсюэні саяси тұрғыдан зерттеу қажеттігін айтқан. Чжоу атап өткендей, Мао 1953 жылы кенеттен өзінің «Қызыл сарайдағы түске» қызығушылығын білдірген. Мао өзінің генералдары мен ізбасарларына бұл кітапты адам кемінде бес рет оқуы керек екенін баса айтқан. Оның көзқарасы бойынша, «Қызыл сарайдағы түс» – феодалдық қоғамның қараңғылығы мен озбырлығын көрсететін және қалың бұқараның жарқын және әдемі өмірге деген ұмтылысын бейнелейтін роман. Мао бұл кітапты тарихи хикая және таптық күрестің халықтық әңгімесі ретінде де оқып, кітапты «идеализмнің буржуазиялық философиясы» емес, марксизмнің көзқарастары мен әдістері арқылы талдау керек деп есептеді [5].

Қытайда «Қызыл сарайдағы түс» романын зерттеудің төрт мектебі қалыптасқан:

1) *Әдеби сын мектебі* (文学评论派): Ван Говэй алғаш рет Шопенгауэрдің философиялық идеяларын енгізіп, «Қызыл сарайдағы түсті» батыстық көзқараспен қарастыру арқылы «әдебиеттану мектебін» бастады. Әдеби сын мектебі романды әдеби тұрғыдан зерттеп, автордың көркем шығармашылықтағы ниетіне тоқталып, оны кітап құрылымы арқылы аша түседі. 1970 жылдардың басында Ю Инши шығарма авторы Цао Сюэциннің көркемдік концепциясына назар аударды. Шетелде көптеген ғалымдар «Қызыл сарайдағы түсті» әдебиеттану немесе салыстырмалы әдебиет тұрғысынан қарастырды.

2) *Суо ин мектебі* (索隐派): Цин әулетінің соңында көптеген адамдар «Қызыл сарайдағы түс» ұлтшылдықты насихаттайтын, Мин әулетін жоқтайтын, Манчжур Цин әулетін сынайтын саяси роман деп есептеді. 1915 жылы Цай Юаньпей романда айтылатын тарихи тұлғалар туралы қорытынды жасай келе романды саяси-тарихи шығарма деген пікірі «Суо ин» мектебінің қалыптасуына негіз болды. 1970 жылдары «Суо ин» мектебі Тайваньда анда-санда қайта жанданып отырды.

3) *Мәтіндік зерттеу мектебі* (考证派): Ху Ши мен Ю Пинбо енгізген «Мәтінді зерттеу мектебі» отбасы тарихын ұрпақтан-ұрпаққа айтып отыру керектігін жақтайды. Әсіресе Чжоу Ручан мырза мәтінтану мектебінің шебері болды. Ол осы мектеп негізінде хунсюэ ғылымын қытай мәдениетінің биігіне көтерген «мәдени ой мектебін» құрды. Чжоу Ручан шығарманың мәнін ашып қана қоймай, кемшіліктерін де зерттейді. Ол «Қызыл сарайдағы түс» Қытай мәдениетін түсінудің «кілті» деп санады.

4) *Анонимді зерттеу* (探佚): Анонимді зерттеу бастапқыда мәтінтану мектебінен алынған, бірақ зерттеудің бұл түрі көркемдік, теориялық және мәдени жағынан қызықты болғандықтан, ол көптеген зерттеушілер мен редологияға әуесқойларды оған қатысуға тартты. Сондықтан 1980 жылдан бастап ол өте ықпалды болып, «Анонимді зерттеу» деп аталды.

«Қызыл сарайдағы түс» романы тек қытай ғалымдарын ғана қызықтырған жоқ, сонымен қатар алыс-жақын шетелдік қытайтанушы-ғалымдардың да зерттеу нысанына айналды.

1832 жылы Пекиндегі орыс рухани миссиясының қызметкері П.П. Курляндцев 80 тараудан тұратын романның қолжазбасының бір нұсқасына қол жеткізді. Ол қазір Петербург Шығыс қолжазбалары институтында сақтаулы. Бұл романның Қытайдан тыс жерде сақталған жалғыз қолжазбасы. 1962 жылы синолог Б.Л. Рифтин Шығыстану институтының мұрағатынан қолжазбаны тауып, зерттей бастады. 1986 жылы осы қолжазбаның алты томдық кеңестік-қытайлық бірлескен факсимилдік басылымы Пекинде «КСРО-да, Ленинградта сақталған «Тастағы жазу» деген атпен басылып шықты (石头记). 2013 жылы қолжазбаның орыс-қытай факсимилдік басылымы зерттеумен бірге Бейжіңде бес том болып жарық көрді [10].

Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институты қорындағы қолжазбаның жаңа факсимилдік басылымы – осы институт пен Қытай Ұлттық кітапханасының біріккен баспа жобасының нәтижесі. Бұл басылымда Санкт-Петербургтегі қытай әдебиеті жинақтарының қалыптасу тарихы және Ресейдегі «Қызыл сарайдағы түс» романының зерттелуі жөнінде қысқаша баяндайтын И.Ф. Попованың алғы сөзі бар. «Ши тоу цзи» (石头记) қолжазбасының бұл басылымы Ресей мен Қытай ғалымдарының жүз жылдан астам уақыттағы жинақтау, қалпына келтіру және зерттеу жұмыстарының нәтижесі. 1832 жылы XI орыс рухани православиелік миссиясының студенті Павел Курляндцев Санкт-Петербургке жеткізген «Ши тоу цзи» қолжазбасы «Қызыл сарайдағы түс» романының Ресейдегі ең алғашқы данасы болса керек. Ал Ресейде бірінші болып «Қызыл сарайдағы түс» романын арнайы зерттеген ғалым-профессор, 1906-1917 жылдары Владивостоктағы Шығыс институтының директоры болған Аполинарий Васильевич Рудаков (1871-1949) еді. Оның негізгі жарық көрген еңбектері Цилинь провинциясының тарихы мен шаруашылығына, сондай-ақ 1899-1901 жылдардағы Ихэтуан көтерілісінің тарихына арналған болатын. Ол өмір бойы осы романның әлемдегі алғашқы аудармасын шығаруды армандап, сол бойынша жұмыс істеді. Өкінішке орай, 1930-1940 жылдары А.В. Рудаковтың аудармасы жоғалып кетті.

Америкалық синолог Эндрю Хенри Плакс Мин және Цин әулеттерінің халықтық көркем әдебиетін зерттеуге маманданған ғалым. 1973 жылы ол «Қызыл сарайдағы түс: архетип пен аллегория» тақырыбында диссертация қорғап, философия докторы дәрежесін алды. Кейін кітап ретінде алғаш рет 1976 жылы жарияланды [11]. Бұл зерттеуде Эндрю Х.Плакс романның аллегориялық элементтері мен баяндау құрылымына назар аудару үшін салыстырмалы әдебиеттің тұжырымдамалық құралдарын пайдаланды. Осылайша ол шығарманың ұлылығын өзінің баяндау тәсілімен және жалпы әдебиет теориясының жаңа терминдерімен түсіндірді.

Романды мұқият мәтіндік оқу көптеген тақырыптарды талқылауға әкелді. Мәселен, ежелгі қытай мифологиясы, қытай бағының эстетикасы, кезектесу мен қайталау логикасы қытай әдебиетінің ерекшелігі болды. Зерттеушінің пікірі бойынша аллегориялық мәтіндерді егжей-тегжейлі зерттеу қытай әдебиетінің салыстырмалы туындыларының даму бағыттарын ашады, ал әдеби архетиптің сыни құралы романды ежелгі мифологиядан «романның» кейінгі формасына дейінгі қытайлық баяндау дәстүрін табуға көмектеседі. Профессор Плакстың дәстүрлі сынды жаңаша қолдануы XVIII ғасырда жазылған шығарманың оқырмандарына жеткізгісі келген мағына

деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Э.Х. Плакс зерттеуі тек осы романның терең талдауын ұсынып қана қоймай, сонымен бірге еуропалық әдеби модельдерден алынған сыни концепциялардың қытай тіліндегі прозалық шығармаларға да нәтижелі түрде қолдануға болатынын көрсетті.

«Қызыл сарайдағы түс» романының қолжазбалары:

Романның өзіндік ерекшеліктері мен тарихи маңызы бар бірнеше қолжазбалары сақталған. Төменде олардың ең маңыздылары келтірілген:

1) *Цзясюй көшірмесі (甲戌)* – Шанхай мұражайында сақтаулы бұл қолжазба «Чжи Яньчжайдың Тас хикаясын қайта бағалауы» деп аталады және атауы әрбір тараудың басында көрсетілген. Қолжазба Цзясюй жылы (甲戌, 1754) Чжи тарапынан қайта өңделген ертерек нұсқадан көшірілген. Көшірменің беткі жағының төменгі бөлігінде «Чжияньчжай (脂砚斋)» деген жазу бар. Осыған қарағанда Чжидің осы атауды өзі пайдаланған болуы да мүмкін. Бұл қолжазбаның ерекшелігі басқаларға қарағанда түсіндірме ескертпелері бар жалғыз қолжазба. Қолжазбаның басында сегіз жолдық өлең кездеседі. Қолжазбада барлығы 16 тарау сақталған: 1-8, 13-16 және 25-28. «Цзясюй» көшірмесі сақталып қалған қолжазбалардың ішіндегі ең ерте, әрі мәтін сапасы ең жоғары нұсқа болып саналады. Ол Чжидің көптеген түсіндірме пікірлерінің арқасында ерекше бағаланады. Тіпті олардың бірінде Цаоның қайтыс болған жылы туралы ақпарат та бар. Қолжазбаны қытай ғалымы Ху Ши 1927 жылы иеленген, ал оның факсимилесі алғаш рет 1961 жылы Тайванда жарияланды [12].

2) *Циху (戚沪) көшірмесі* – Шанхай кітапханасында сақтаулы. Бұл қолжазбадағы кітаптың атауы – «Тас хикаясы» деп аталады. Кітаптың атауы мазмұны жазылған бетте де, алдыңғы жиегінде де көрсетілген. Ци Ляошэн қолжазбаны Цяньлун дәуірінде (1735-1795) иеленген. Кітапта Ци жазған алғысөз бар, сондықтан ол «Ци алғы сөзімен шыққан Тас хикаясы» деп те аталады. 1921 жылы Шанхай кітапханасындағы өрт салдарынан оның жартысы жоғалып кеткен. Қолжазбаның ксерокөшірмесі жасалып, факсимилесі «Қытай Республикасының бас кезінде жарық көрген «Қызыл сарайдағы түс» түпнұсқа қолжазбасы» деген атпен «Ючжэн» баспасынан жарық көрді. Баспа бұл кітапты үш рет: 1911-1912 жылдары және 1920, 1927 жылдары жариялады. Сақталған қырық тарауда баспа нұсқасынан бар болғаны 32 иероглиф қана өзгеше. Жарияланған көшірме «Ючжэн көшірмесі» деп те аталады. Бұл Чэнгао нұсқасынан кейін жарық көрген алғашқы көшірме саналады.

3) *Бянциан (卞藏) қолжазбасы 2006 жылы маусымда Шанхайда табылған және оны Бянь Ивэнь иеленген болатын.* Онда алғашқы он тарау мен 33-80 тараулардың тақырыптары бар. Цзяцюйдің көшірмесімен салыстырғанда, мәтіндер өзгермелі және мазмұн сапасы Цзяцюйдікінен төмен. Дегенмен, мәтіннің бұл нұсқасында Чэн мен Гаоның редакциясының әсері байқалмайды. Цай Ицзянның зерттеуі бойынша, бұл Чжидің түсіндірмесі қамтылған қолжазбалардан кейінгі көшірме болуы мүмкін [5].

Шығарманың пайда болуынан бастап, жылдар бойы ғалымдардың үздіксіз зерттеулері бұл романға деген қызығушылықты молайтып, әдебиет тарихында Тан өлеңдері мен Сун лирикасымен тең дәрежеге жеткізді. 1921 жылы Ху Шидің жетекші мақаласы «Қызыл сарайдағы түсті сыни зерттеу» (红楼梦考证) жарияланып, «Қызыл сарайдағы түс»

зерттеулерінің бағыттарын көрсетті. Ал мәтіндік сыни талдау қытай әдебиетін зерттеудің жүз жылдық тарихына үстемдік ететін макро мәселе болып қалыптасты. Редология байыпты анықтамадан басталмағанымен, ескі және жаңа редология арасындағы айырмашылықтың өзіндік терең және нақты критерийлері бар. Ху Шидің «红楼梦考证» мақаласы жариялағаннан кейінгі келесі жылы, Ху Ши мен Гу Цзеганның ықпалымен Юй Пинбо өзінің алғашқы «Қызыл сарайдағы түс туралы» кітабын жариялап, Ху Ши-ден кейін мәтіндік сыни талдаудың тағы бір басты зерттеушісіне айналды. Кітаптың алғы сөзінде Гу Цзеган былай деді: «Ескі редологияның күйреуінен және жаңа редологияның құрылуынан сабақ аламыз деп үміттенемін, бұл біздің ата-бабаларымыздың зерттеулер әдістерінің шын мәнінде әдіс деп саналуға жеткіліксіз екенін мойындауды білдіреді. Олардың іргетасы берік болмағандықтан, олардың жүз жылдық тарихы оқылықтың орнын толтыра алмайды. Қазір біз ғылыми және қолдануға болатын дұрыс әдісті таптық, сондықтан зерттеудің бұл ыңғайлылығын бәріміз бағалай білуіміз керек» [13].

Негізінен, ескі және жаңа редологияның бөлінуі Гудың айтқандарынан басталып, сол уақыттан бері редология дискурсының кең ауқымдылығын көрсетті. Текстік сыншылар осы екеуінің арасындағы айырмашылықты нақтылағанымен, бұл басқалар үшін сенімді қорытынды емес. Тайваньдық редолог Пан Чжунгуэй өзінің танымал кітабы «Редологияға алпыс жыл» (红学六十年) ішінде былай деп бастаған: «Менің ойымша, Мингоның алтыншы жылы (1917) Цай Юаньпэйдің «Тас туралы жазбалар» (石头记索隐) мен Ху Ши зерттеуінің жариялануы редология арасында пікірталас тудырды. Нәтижесінде, редологияның керемет дәуірі жаңа материалдарды іздеу мен жаңа сұрақтарды зерттеу үрдісі арқылы біртіндеп дамыды. Осылайша мен редология шынымен де осы екі адамнан, Цай мен Худан басталды деген қорытындыға келдім» [14].

Чэнь Вэйчжао (陈维昭) «Жаңа хунсюэнің жүз жылдығы» атты мақаласында «жаңа хунсюэге» келесідей баға берді: «Жаңа хунсюэ екі негізгі аспектіден тұрады: біріншісі – дереккөздерді зерттеу (мәтіндік сын), екіншісі – жасырын интерпретациялар (автобиографиялық теория)». «Жаңа хунсюэ» классикалық романдарды зерттеуге арналған заманауи академиялық парадигманы ғана емес, сонымен қатар «Қызыл сарайдағы түс» авторы мен оның нұсқаларын зерттеу үшін қазіргі академиялық тұжырымдамаларды ұсынды. Негізгі назар Цао Инь отбасына аударылып, бұл «Қызыл сарайдағы түсті» зерттеуді «бөтен биографиялық теориядан» «автобиографиялық теорияға» шынайы түрде өзгертті. Ху Ши әрдайым дәстүрлі мәдениетке қазіргі ғылыми рух тұрғысынан қарап, өзінің пікірінше құнды деп санаған нәрселерді бөліп көрсететін. Ол Цяньлун мен Цзяцин дәуірінің академиялық мектебінің әдістерін «ғылыми рух» тұрғысынан, ал дәстүрлі тарихнаманың реалистік тұжырымдамаларын «натурализм» мен «автобиографиялық теория» призмасы арқылы түсіндірді. Дәл осы екі жаңашыл көзқарастың бірігуі жаңа хунсюэнің негізгі ерекшелігіне айналды [15, 6-7 бб.].

Қорытынды

«Қызыл сарайдағы түс» романын зерттеу әлемдік әдеби тәжірибеде өзекті және маңызды болып қала береді. Бұл шығарма тек қытай әдебиетінің шедеврі ғана емес,

сонымен қатар мәдени, тарихи және философиялық білімдердің бай қайнар көзі болып есептеледі. Сондықтан да ол өзіне бүкіл әлем зерттеушілерінің назарын аударуда. Арнайы ғылыми сала – хунсюэнің құрылуы романның тереңдігі мен көпқырлылығын дәлелдей түседі. Қытай, Ресей, Америка және басқа да шетелдік ғалымдардың еңбектері шығармада ұсынылған күрделі тақырыптар мен символиканы түсінуді байытады. Сонымен қатар хунсюэ саласындағы халықаралық ынтымақтастық романның терең талдауына ғана емес, халықтар арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға да ықпал етері анық.

Авторлардың қосқан үлесі.

М.Қ. Сырымova – зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, теориялық және материалдық деректерді жинақтап талдау жасау;

А. Әлібекұлы – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, материалдар жинау және бағыт-бағдар беру.

Әдебиеттер тізімі

1. Трунова А.С. Влияние классического романа Цао Сюэцзиня «Сон в красном тереме» (XVIII в.) на литературный процесс современного Китая. Институт востоковедения РАН. – Москва, 2017. – С. 15.
2. 秦基琛. “早期‘红学人物’朱昌鼎的新资料考释.” 红楼梦学刊 05 (2013): 83–90.
3. 周汝昌. 《还“红学”以学 – 近百年红学史之回顾(重点摘要)》, 《北京大学学报》(哲学社会科学版) 1995年第4期.
4. 周汝昌. 红楼梦新证. 上海: 棠棣出版社, 1953.
5. Shi, Wenzhuo. Yi Sheng Er Shu Ge: Hearing Multiple Tones at the Same Time – A Study of The Dream of the Red Chamber, The Canterbury Tales and Their Readers. Wheaton College. – 2017.
6. 徐 熙. 红楼梦考证: монография. Beijing Publishing House, 2015. – 210 с.
7. 胡适. “考证《红楼梦》的新材料.” 选自《胡适文存》三集卷五, 1928 年 发表.
8. Wu Shichang. On “The Red Chamber Dream”: A Critical Study of Two Annotated Manuscripts of the XVIIIth Century. Clarendon Press; 1961.
9. 曹雪芹. Edited by 周祜昌, 周汝昌, and 周伦玲, 石头记会真. 海燕出版社, 2004.
10. 俄罗斯圣彼得堡藏石头记 [«Запись на камне», хранящаяся в России, в Санкт-Петербурге]. 北京: 国家图书馆出版社/Пекин: Издательство Национальной библиотеки Китая, 2013. В 5 томах.
11. Plaks, Andrew H. Archetype and Allegory in the Dream of the Red Chamber. Princeton, New Jersey, Princeton University Press, 1976.
12. 曹雪芹. 乾隆甲戌脂砚斋重评石头记. 上海古籍出版社, 2004, 516 页.
13. 俞平伯. 《红楼梦辨》. 上海亚东图书馆, 1923年.
14. 潘重规. 红学六十年. 三民書局, 1991, 274 页.
15. 陈维昭《新红学百年祭》, 《红楼梦学刊》2021年第1辑, 第6–7页.

М.К. Сырымова, А. Алибекулы

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Роман «Сон в красном тереме» и его изучение

Аннотация. Роман «Сон в красном тереме», написанный Цао Сюэцинем в XVIII веке, является одним из величайших произведений китайской литературы. Благодаря его глубокому содержанию, сложному сюжету и богатству тем, была создана специальная область исследования – «хунсюэ» (红学). Хунсюэ посвящена всестороннему изучению романа, его исторического контекста, символики, персонажей и влияния на культуру. Развитие хунсюэ началось вскоре после публикации романа. Китайские исследователи Ху Ши и Цай Юаньпэй стали первыми, кто предпринял систематический анализ произведения. Они уделяли внимание автобиографическим элементам автора, социальной критике и философским идеям. В данной статье рассматриваются различные научные взгляды и интерпретации, связанные с романом, путём сравнения трудов китайских, российских и американских исследователей. Особое внимание уделено вкладу ведущих учёных в понимание темы произведения, его персонажей и культурного значения. Роман «Сон в красном тереме» рассматривается как ценное культурно-историческое наследие, отражающее образ реалистической литературы в Китае, а также социальной, экономической и общественной жизни во времена царства Цин.

Ключевые слова: Цао Сюэцин, «Сон в красном тереме», хунсюэ, китайская литература, исследователи, редология, копия.

М.К. Syrymova, A. Alibekuly

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The novel "Dream of the Red Chamber" and its studies

Abstract. The novel "Dream of the Red Chamber", written by Cao Xueqin in the 18th century, is considered one of the greatest masterpieces of Chinese literature. Its profound content, intricate plot, and richness of themes led to the establishment of a specialized field of study called "Hongxue" (红学). Hongxue is dedicated to the comprehensive study of the novel, including its historical context, symbolism, characters, and cultural impact. The development of Hongxue began shortly after the publication of the novel. Chinese scholars Hu Shi and Cai Yuanpei were the first to undertake a systematic analysis of the work. They focused on the author's autobiographical elements, social critique, and philosophical ideas. This article examines various scholarly perspectives and interpretations related to the novel by comparing the works of Chinese, Russian, and American researchers. Special attention is given to the contributions of leading scholars in understanding the themes of the work, its characters, and its cultural significance. The novel "The Dream in the Red Chamber" is considered as a valuable cultural and historical heritage reflecting the image of realistic literature in China, as well as social, economic and social life during the Qing Kingdom.

Keywords: Cao Xueqin, "Dream of the Red Chamber", hongxue, Chinese literature, researchers, redology, copy.

References

1. Trunova A. S. Vliyanie klassicheskogo romana Tsao Syuetsinya «Son v krasnom tereme» (XVIII v.) na literaturnyi protsess sovremennogo Kitaya [The influence of Cao Xueqin's classic novel "Dream of the Red Chamber" (XVIII century) on the literary process of modern China], Institut vostokovedeniya Rossiyskoy Akademii Nauk [Institute of Oriental Studies of the Russian Academy of Sciences] (Moscow, 2017, 15 p.). [in Russian]
2. Qin Jichen 秦基琛. “早期 ‘红学人物’ 朱昌鼎的新资料考释” [New Materials on Zhu Changding, an Early Redology Figure], 红楼梦学刊 [Journal of Redology], 05, 83–90 (2013). [in Chinese]
3. Zhou Ruchang 周汝昌. 《还“红学”以学 – 近百年红学史之回顾(重点 摘要)》[“Returning the Study of Redology to Learning: A Review of the History of Redology in the Past Hundred Years (Key Abstracts)”], 《北京大学学报》(哲学社会科学版) [Journal of Peking University (Philosophy and Social Sciences Edition)], 4, 1995. [in Chinese].
4. Zhou Ruchang 周汝昌. 红楼梦新证 [New Evidence of Dream of the Red Chamber], 上海: 棠棣出版社 [Shanghai: Tangdi Publishing House], (1953). [in Chinese]
5. Shi, Wenzhuo. Yi Sheng Er Shu Ge: Hearing Multiple Tones at the Same Time – A Study of The Dream of the Red Chamber, The Canterbury Tales and Their Readers. Wheaton College, 2017.
6. Hu Shi. 红楼梦考证: monografiya [Research on the Dream of the Red Chamber] (Beijing Publishing House, 2015, 210 p.). [in Chinese]
7. Hu Shi 胡适. “考证《红楼梦》的新材料” [“New Materials for the Study of A Dream of Red Mansions”] 选自《胡适文存》 Selected from Volume 5 of Hu Shi's Collected Works, 3, (1928). [in Chinese]
8. Wu Shichang. On “The Red Chamber Dream: A Critical Study of Two Annotated Manuscripts of the XVIIIth Century”, Clarendon Press, 1961.
9. Cao Xueqin 曹雪芹. Edited by 周祐昌, 周汝昌, and 周伦玲 [Edited by Zhou Huchang, Zhou Ruchang, and Zhou Lunling], 石头记会真 [The Story of the Stone Will Be True], 海燕出版社 [Haiyan Publishing House], 2004. [in Chinese]
10. «Zapis' na kamne», khranyashchayasya v Rossii, v Sankt-Peterburge 俄罗斯 斯圣彼得堡藏石头记 [“Writing on Stone” kept in Russia, in Saint Petersburg], Pekin: Izdatel'stvo Natsional'noy biblioteki Kitaya 北京: 国家图书馆出版社 [Beijing: National Library of China Press, 2013. 5 volumes]
11. Plaks, Andrew H. Archetype and Allegory in the Dream of the Red Chamber. Princeton, New Jersey, Princeton University Press, 1976.
12. Cao Xueqin 曹雪芹. 乾隆甲戌脂砚斋重评石头记 [The Story of the Stone, Re-evaluated by Zhi Yanzhai in the Jiaxu Year of the Qianlong Period], 上海古籍出版社 (Shanghai Ancient Books Publishing House, 2004, 516 p.). [in Chinese]
13. Yu Pingbo 俞平伯. 《红楼梦辨》 [A Discussion on the Dream of the Red Chamber], 上海亚东图书馆 (Shanghai Yadong Library, 1923). [in Chinese]
14. Pan Chonggui 潘重规. 红学六十年 [Sixty Years of Redology], 三民書局 (Sanmin Bookstore, 1991, P. 274). [in Chinese]
15. Chen Weizhao 陈维昭. 《新红学百年祭》 [“Centennial Celebration of the New Redology”], 《红楼梦学刊》 [Journal of Redology], 1, 6-7 (2021). [in Chinese]

Авторлар туралы мәлімет:

Сырымова М.К. – Шығыстану кафедрасының магистранты, Халықаралық қатынастар факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Әлібекұлы А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Syrymova M.K. – MA student of the Department of Oriental studies, Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Alibekuly A. – Candidate of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).